



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

II том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы
III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings
of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume II

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

II том

Астана, 2018

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің
Ә43 дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018
жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ баспасы, 2018. – 339 б.

ISBN 978-9965-31-977-8

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселелері», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ1/14
КБЖ87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

Астана, 2018

УДК1/14
ББК87.0
А43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – 339 с.

ISBN 978-9965-31-977-8

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК1/14
ББК87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

9. Friedrich Nietzsche. Sämtliche Werke-Kritische Studienausgabe. Hg. von Gijrgij Colli und Mazzino Montinari-2, durchgesehene Auflage München 1988. Далее обозначается КСА, том, стр.; здесь - КСА 6, 289.
10. Hamann Johann Georg. Sokratische Denrwürdigkeiten. Aesthetica in nuce. Stuttgart 1998, S.81; КСА 13, 11, 153
11. Havemann Daniel. Der «Apostel der Rache». Nietzsche Paulus- deutung. Berlin/New York 2002
12. Heinrich Detering. Der Antichrist und der Gekreuzigte. Friedrich Nietzsches letzte Texte. Stuttgart 2012, Reclam Verlag, S. 10.
13. Jaspers Karl. Nietzsche und das Christentum. V.nchen 1952, S. 71
14. Kreativität. XX. Deutscher Kongress für Philosophie. Berlin 2005, Universitätsverlag der TU Berlin, Band 1, 2
15. Overbeck Franz/Heinrich Köselitz(Peter Gast). Briefwechsel. Berlin/New York 1998, S. 243
16. Renan Ernest. Vie de Jesus (Histoire des jrigines du christianisme, livre premier). Quatrieme edition. Paris 1863, VII f.
17. Sämtliche Briefe. Kritische Studienausgabe in 8 Bänden. München 1986, Bd. 8, S. 572.
18. Schelling Friedrich Wikhelm Joseph von. Philosophie der Offenbarung. Sämmtliche Werke II/3. Stuttgart/Augsburg 1858, XIXf., S. 482 und 518f.
19. Schopengauer Arthur. Die Welt als Wille und Vorstellung. Darmstadt 1974, Bd. 1, S 386 f.
20. Sommer A. «Frierich Nietzsche: «Der Antichrist». Ein historisch-philosophischer Kommentar. Basel 2000
21. Stellino Paolo. Jesus als «Idiot». Ein Vergleich zwischen Nietzsches «Der Antichrist» und Dostoewskijs «Der Idiot». In: Nietzscheforschung 14, 2007; S. 208
22. Tolstoi Leo. Ma religion. Paris 1885, c. 220
23. Willers Ulrich. Friedrich Nietzsches antichristliche Christologie. Eine theologische Rekonstruktion. Innsbruck/Wien 1988, S. 271
24. Евангелие от Матфея.
25. Михаил Булгаков. Мастер и Маргарита. Алма-Ата 1987. Издательство «Жалын», стр 21.
26. От Луки святое благовествование

АЛАШ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» МҰРАТТАРЫ

(Азаттық пен жасампаздық хақында)

Тұрысбек Р.

Астана қ.

rst58@mail.ru

Ел тарихы мен дамуында-Алаш жолы, азаттық пен тұтастық мәселесі кең орын алады.Бұл - тәуелсіздік кезеңінде маңызды факторға айналды.

Қазақстан тарихнамасында – ұлт зиялыларының азаттық пен бостандық жолындағы ерен еңбектеріне кең орын беріледі. Бұл ретте, әрине ХХ ғ.б. қазақ оқығандарының қоғамдық өмірге, руханият салаларына еркін еніп, бұл бағыттарда елдік мүдде жолында жұмыла еңбек етуі үлгі етуге лайық. Біртұтас ұлттық мемлекет құру – Алаш идеясының басты ұстанымы болды.

Алаш жолы – ұлт тарихының айнасы, елдік мұрат-мүдденің асыл арнасы. Ел тарихының арғы-бергі кезеңінің өрнекті өрісі, азаттық арқауы.

Ұлт тәуелсіздігі - қоғамның барша саласына соны серпін берді. Өмір мұраты айқындалып, адам еңбегіне көп көңіл бөлінді. Мәдени-рухани арналар айқындалып, жаңа бағыттар белгіленді. Зерттеу мен зерделеу ісіне кең өріс ашылды. Ұлт мұраты мен елдік мүддені, тәуелсіздік тағылымын баянды ету сынды кәделі де сауапты істер, қалың көптің арман-ансарларына негізделген игілікті де ізгілікті қадамдар алдыңғы кезекке шықты.

Алдымен айтарымыз, ел егемендігі тұсында - «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу», «Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих» жылдарының (1997, 1998) ғибраттық-тағылымдық қырлары айқындалып, «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң күшіне енуі («Егемен Қазақстан» 1998, 6 қаңтар) арғы-бергі кезеңдердегі халқымыздың тағдыр-талайын, әдеби-мәдени һәм рухани салалардағы танымал тұлғалардың өмірі мен еңбегін, қоғамдық қызметтерін қайта қарап, жаңа қырларын ашу ісінде көп көмегі болды. Бастысы, әрине 31 мамыр - саяси қуғын-сүргін

құрбандарын еске алу күні болып белгіленді. Еліміздің жер-жерінде жазықсыз жазалағандарды еске түсіретін мемориалдық ескерткіштер ашылды. Аза кітаптары жарық көріп, қалың көпке жетті [1].

Келесі кезекте еске түсіретін жайттардың бірі -«Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссиясының қорытындысы» да көпке жеткенін айту ләзім [2].

Онда, әсіресе М. Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж. Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы кең көлемдегі мәлімет, дерек көздерімен қатар, атқарылар ауқымды іс-жұмыстарға да жан-жақты орын берілген: «Жазықсыз жазаға ұшырап, республикада отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, социалистік заңдылықты бұзудың құрбаны болған аса көрнекті ақын Мағжан Жұмабаевтың, ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсыновтың, қазақ романының негізін салушылардың бірі, белгілі лингвист, ақын-аудармашы Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасын зерттеген комиссияның жұмыс қорытындыларын қарай келіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюрасы комиссияның М. Жұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметі туралы тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру, олардың жеке шығармаларын, баспасөзде көрсетілген қателіктері мен уақытша адасуларын сын тұрғыдан зерделеу жөніндегі тұжырымдарымен келісті, республикалық газеттердің, журналдардың редакцияларына, Қазақ ССР Телевизия және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитетіне олардың өмірі мен творчестволық қызметі туралы мақалалар сериясын жариялау, радио мен телевизиядан хабарлар циклын ұйымдастыру ұсынылды. Орталық Комитетінің Бюрасы сондай-ақ, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі, Әдебиет және өнер институттарымен бірлесе отырып, М. Жұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың және Ж. Аймауытовтың таңдамалы шығармалары мен ғылыми еңбектерін әзірлеп, басып шығаруды тапсырды» [2].

ҚК ОК Қорытындысынан соң-ақ қазақ әлемінде, тарихы мен руханиятында жаңа бағыттар айқындалды. Соны зерттеулер мен зерделеулерге кең өріс ашылды. Алаштың қайраткер-қаламгерлерінің // мысалы, Ә. Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы, Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Қожанов,Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С. Сәдуақасұлы, Б.Сыртанов, т.б. // қоғамдық қызметі мен кезеңі, өмірі мен шығармашылық мұрасы іргелі ізденістердің, алуан бағыттағы зерттеулердің арқауына айналды. Алдымен, Алаш арыстарының «Шығармалары» жарық көрді //1998-1990 ж.ж.//, көптомдықтары басылып келеді (1995-2017). Зерттеу мен зерделеу ісі- жеке жинақ пен ұжымдық еңбектерден, кітаптар мен библиографиялық көрсеткіштерден орын алды (мысалы, Алаш-Орда. Сб. Документов. Состав: Н. Мартыненко.- А, 1992; Алаш мирас. Құжаттар жинағы.-А, 1993; Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1-3 том. –А, 2004-2007 ж.ж; Алаш ақиықтары. Құраст: Т.Жұртбай.- А, 2006; Бес арыс. Естелік, мақалалар. –А, 1992; Қазақстан. Ұлттық энциклопедия.-А, 1997-2000; 2005; Алаш қайраткерлері. Көрсеткіш. - Астана, 2004; «Алаш» қозғалысы. Анықтамалық.-А, 2008;Город Алаш (Сборник документов).-Семей,2010. – 366 стр; Восточное отделение правительства Алашорды (Сборник документов).-Семей, 2010. – 420 стр;Алаштану мәселелері (Ғылыми жинақ).-Семей: Таным, 2010. - 420 бет;Алаш туы астында.Танымдық басылым.- Астана:Арман Медиа, 2013.- 198 бет; XX ғасырдағы Алаштың ақ жолы.- Алматы:Экономика,2013.- 248 бет, т.т.).

Отандық тарих пен білім-ғылым жүйесінде – Алаш тарихы мен тағылымы, Қазақстандағы алапат аштық пен қуғын-сүргін сырлары,ұлт тәуелсіздігін арман-аңсарларына айналдырған танымал тұлғалардың өмірі мен кезеңі,қоғамдық қызметі мен шығармашылық мұралары: Ғ.Ахмедовтың «Алаш «Алаш» болғанда»-1996, К. Нүрпейісовтың «Алаш һәм Алашорда»-1995, Т. Кәкішұлының «Мағжан-Сәкен»-1999, С. Қирабаевтың «Ұлт тәуелсіздігі

және әдебиет»-2001, М. Қозыбаевтың, «Ақтаңдақтар ақиқаты»-1992, М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы»-1995, Ш.Елеукеновтің «Мағжан»-2008, Д. Досжанның «Абақты»-1992, Р. Нұрғалидің «Әуезов және Алаш»-1997, Т.Жұртбайдың «Талқы» -1997; «Ұраным...Алаш!»-2008, Т. Қаратаевтың «Алаш және Алашорда»-1990, Д.Қамзабекұлының «Алаш және әдебиет»-2002, Р.Тұрысбектің «Жүсіпбек»-1997, «Ар айнасы»-2000, А.Исмақованың «Возвращение Плеяды»-2002,Х. Оралтайдың «Алаш»-1971, Т.Омарбековтың «Зобалаң»-1994, С. Өзбекұлының «Арыстары Алаштың»-1998 т.б. ізденіс, еңбектерінен жан-жақты көрініс тапты. БАҚ жүйесі мен мұрағат материалдары, естелік -әңгімелер мен хат жазбалары т.т. кең көлемде қамтылды. Зерттеу мен зерделеуге, тану ісіне кең орын берілді.

Сондай-ақ, «Мұстафа Шоқай» (Таңдамалы, 2 том) 1998; Д. Қыдырәлиевтің «Мұстафа Шоқай»-2007; Шәкәрім (энциклопедия)2008; Шәкәрімтану мәселелері (1-6 кітап), -2006-2008; Ғ. Есімнің «Данышпан Шәкәрім»-2008; Б. Әбдіғазизұлының «Шәкәрім» (Ғұмырнамалық баян)-2008; Е. Сыдықовтың «Шәкәрім және Алашорда». -2008; «Алаш қаласының тарихы».-2010; Қ. Салғараұлының «Ұлы Қағанат»-2008; А. Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы»-2008; А. Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы»-2009; Д.Қамзабекұлының «Алаш және әдебиет»-2002; Р.Тұрысбектің «Жүсіпбек»-1997; С. Сүтжановтың «Алаш және түркі руханияты»-2008; Т.Жұртбайдың «Біртұтас Алаш идеясы» -2014 т.б. зерттеу еңбектерінде-Алаш мұраты, оның көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылық мұрасы, көркемдік құпиясы мен эстетикалық мұраттар, уақыт пен кеңістік сырлары, тарих пен тағдыр-талайы т.т. жан-жақты танылады. Қысқасы, еске алған еңбектер – тәуелсіздік кезеңінің оңды қырларымен қатар, Алаш мұратын, мұрасы мен мирасын танып-талдауға, зерттеп-зерделеуге батыл қадамдар жасайды.Тұғырлы тұлғалардың есімі мен еңбектерін еске алады.Оны кең көлемде қарастырып, танып-талдап,зерттеп-зерделеудің жаңа бағыттарын айқындайды. Ал,басты еңбектердің қатарында 2004-2008 жылдары жарық көрген – «Қазақ әдебиетінің тарихы» (он томдық) атаған жөн [3].

Алаштың арман-аңсарын асқақтатып, мақсат-мұраттары мен мұра-мирастарын жинап-жариялауда, зерттеп-зерделеуде әрі қалың көпшілікке жүйелі жеткізу мен насихаттау ісінде - ЖОО-да, атап айтқанда: ҚазҰУ-де «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, ЕҰУ-де «Алаш» институты, Семейдегі «Алаш-Семей» ғылыми-зерттеу орталығы т.т. айтарлықтай еңбек етуде. Алаш мұратына, мұрасы мен мирасына қатысты құжат-материалдар, әрі алуан тақырыптағы жинақ-кітаптар мен ғылыми-теориялық конференциялардың мақсат-мазмұнынан елдік мүдде, игілікті істер мен ізгілікті қадамдар, жанашырлық пен жауапкершілік сынды сипаттар терең танылады. Асылы, Алаш мұратын, арман-аңсарларын өмір-уақыт шындықтарымен, тарих таразысы тұрғысынан танып-талдауды мақсат етуімен бірге қоғамдық-кезеңдік көріністерді, мәдени-рухани арналарды кешенді сипатта, ұлттық мүдде аясында сабақтастықта көрсету – бүгінгі күннің басты мәселелерінің қатарына жатады. Өйткені, осы кезең тұсында: «...Отаршылдыққа қарсы күрес, елдің тәуелсіз даму жолына түсуі, алдыңғы қатарлы елдерге теңелу, оқу-білім үйрену, халық тұрмысының ауырпашылықтарын ашына сөз ету бүкіл дәуір әдебиетінің ерекшеліктеріне айналды» [4,62].

Отызыншы жылдар ойраны, нәубет пен зұлмат зардаптары да ел еңсесін түсіріп, алапат аштыққа ұрындырды,қуғын-сүргінге түсірді [5].

XX ғ.б. ақпан және қазан революциясы, Уақытша үкімет, большевиктер әрекеті ұлт зиялыларының бірігіп, азаттық пен бостандық жолына түсуге әсер етті. Бағыттарын айқындап, ұстанымдарын нығайтты. Нәтижесінде, 1917 жылдың 21-26 шілде мен 5-13 желтоқсандағы жалпықазақ съездері, ондағы мемлекеттік құрылым, жер мәселесе, халық милициясы, оқудің, сот т.с.с. мәселелердің қозғалуы – Алаш тарихын, ұлт зиялыларының табандылығын, бастысы азат ел, тәуелсіз мемлекет құру жолындағы бағыттарын танытады. Еске түсірсек, биылғы жылдың айшықты, мерейлі тұсы – Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылғанына – 100 жыл (Орынбор, 1917, 5-12 желтоқсан). Бастысы, бұл тұста – Қазақ автономиясын құру, үкіметін қалыптастыру мақсат етілді. Ел-жерге қырағылық таныту, тарих пен дәстүр, руханият ісіне адалдық пен жанашырлық басым бағыт алды. Ұлт азаттығы, тәуелсіз мемлекет құру – басты бағыт, берік ұстанымға айналды. Ақиқатында:

«Қоғамдық белсенді әрекетке, негізінен ХХ ғасыр басында шыққан бұл толқын 1905 жылы алғашқы орыс революциясы, 1917 жылғы ақпан,қазан революциялары, өкімет басына большевиктердің келіп, кеңес өкіметінің орнауы секілді аспан жарылып, жер сілкінгендей ғаламат жарылыстар тұсында қайрат көрсетті. Осы ұлы ағыстардың баршасы олардың жеке өміріне, қоғамдық, шығармашылық тағдырына ықпал жасап, терең із тастады» [6, 6-7 б].

Анығында, әрине ХХ ғ.б. алғашқы ширегінде дүбірлі дәуір, революциялар тұсында қоғамдық құбылыстарға үн қатумен бірге біліми-ғылыми арналарға, мәдениет өрісіне Алаш арыстары, қайраткер-қаламгерлері сүбелі үлес қосты. Атап айтқанда, осы тұстағы Алаш қайраткерлері Нәм қаламгерлері арасында – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, Д.Әділев, А.Байтасов, А.Байдилдин, Х.Болғанбаев, Ғ.Бірімжанов, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, Қ.Кемеңгеров, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, Е.Омаров, М.Тынышбаев, М.Шохай т.б. ұлт мұраты жолына, азаттық идеясына, дербес мемлекет құру ісінде ерен еңбек етті. Бастысы, Олар – «Қарқаралы құзырхатын» дайындады. Алаш қозғалысына,ұлттық партия құруға, Үкімет жасақтауға қатысты. Алаш әскерін құрды. Нәтижесінде, Алашорданың заң, қаулыларында – ел мен жер жайын, азаттық Нәм бостандық мәселесін, азық-түлік, оқу-ағарту, милиция, ұлт кеңесі, муфтилік, халық соты, ауыл басқармасы, руханият ісін, баспасөз бен дінді, тарих пен таным тоғысын, салық жүйесін өткір көтеріп, кеңінен қозғады. Осы реттен келгенде, Алаш арқауы – азаттық, бостандық, тәуелсіздік мұраттары болатын-ды. Алаш арыстарының бастауында тұрған Ә.Бөкейханша айтсақ: «...Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!», -деген берік ұстанымы қазіргі кезеңде де ұлтқа адалдықты, жанашырлық пен жауапкершілікті танытса керек.

Асылы, Ә.Бөкейхан – 1905 жылғы Қоянды жәрмеңкесінде жазылған петицияны ұйымдастырушылардың бірі. 1- Мемлекеттік Думаға депутат болса, А.Байтұрсынов әлеуметтік өмірге, мәдени-рухани салаларға үлкен үлес қосты. Ұлт баспасөзіне («Айқап», «Қазақ») белсене араласты. Біліми-ғылыми бағыттарда ерен еңбек етіп, мол мұра қалдырды.Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедов әр түрлі мамандық иелері болғанмен, Алаш қозғалысына, оның үкіметін құруға араласты. Елдік бағытта еңбектеніп, бірқатар кітаптар жазды. М.Шоқай қайраткерлігі –Түркістан мәселесінде кеңінен көрінді. «Жаңа дүние», «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» журналдарын шығарып, отаршылдықтың содырлы сиқын сынады. Халық азаттығын қолдады. Ал, Ж.Аймауытұлы 1917-1919 жылдары Алаш партиясына кіріп, Семейде Губревком мүшесі болады. Оқу бөлімін басқарып, «Қазақ тілі» газетіне редактор болады. Алашорда мүшелері қуғындалғанда, «Кіші Октябрь» авторы – Голощекинге қастандық жасады,- деп тұтқынға түседі (1929,20 мамыр). Тағылған айыбы – «1927-28 жылдары Әділев бандасымен астыртын байланыс жасап, қырда қарулы күрес ұйымдастырмақ болды».

Еске түсірсек, бұған дейін Ж.Аймауытұлы - «Торғай ісіне» қатысты да жауапқа тартылған болатын-ды. Бұл тұста – А.Байтұрсынов ұсынысымен «Аштарға көмек» комиссиясы құрылады. Торғайдағы ашаршылыққа Семей-Керекуден мал жинап, тегін таратылады.Қолхат алады. Бірақ, мөрі болмаған еді. 1927 жылғы Қызылордадағы сотта сөйлеген сөзінде – қазаққа қатысты Әдет заңын алға тартады. Адамдық борыш пен мұраттар төңірегінде кеңінен сөз етеді. Жауабының соңында: «...Еңбегім салауат! Аштар үшін мен-ақ құрбан болайын! Елімнің заңына көнемін!», - дегенді айтады. «Елі үшін күйеді...».Өмір сапары да қысқа болады. Соңында мол мұра, тағылым қалды.

Осы бағытты бауырлас елдерде, әсіресе Қырғызстанда – Ишанғали Арабаев, Қасым Тыныстанов жүйелі жалғастырып, күрескерлік танытты.

Осы тұста, яғни 1917 жылы тамызда – Түркістан автономиясы да Алаш арқауын, бағыт-мақсаттарын қолдады. Ал, 1920 жылы тамызда- Қазақ автономиялы республикасы Ресей федерациясы құрамында құрылды. 1991 жылы -Қазақстан Республикасы Кеңес Одағы құрамынан шығып, Тәуелсіздік жариялады. Осы орайда, әрине 1920 жылы құрылған Қазақ АССР-і і мен қазіргі Қазақстанның негізі болған -Алаш автономиясы, оның басты бағыттарын құраған – азаттық пен бостандық мұраттары бүгінгі уақытта да өзекті

болғандықтан, ұлттық мемлекет құру бағытындағы ұстанымдарынан ортақ мақсат, тарихи жалғастық пен сабақтастық бары байқалады. Демек, азаттықты аңсап, бостандық жолын тандап, тәуелсіздікті жан-жүректерімен қалаған алашшыл һәм халықшыл қайраткерлер негізін қалаған Алаш жалпыхалықтық партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылғанына – 100 жыл, азаттық идеясы мен бостандық жолында өмірін қиған саяси қуғын-сүргінге -80 жыл толуы ел тарихы мен даму үрдістерінде маңызы зор.

Жинақтап айтқанда, қазақ халқының тарихы, қалыптасу кезеңдері мен даму жолы – Алаш арқауы: азаттық, бостандық, тәуелсіздік мұраттарын құрады. Қазақ мемлекетін құру арман-аңсарларына айналды. Бұл, әсіресе ел-жерге иелік ету, тарих, дәстүр, дін, мәдениет, руханият ісіне адалдық, жанашырлық пен жауапкершілік таныту – 1905 жылы Қарқаралы құзырхатында, 1917 жылы Алаш бағдарламасында берік орын алды.

Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі, ұлт қайраткерлері хақында шетелде, атап айтқанда қандасымыз М.Шоқай, башқұрт Зәки Уәли Тоған, өзбек Баймырза Хайт т.б. азаттық ақиқатына қатысты еңбектер жазды.

Өз кезегінде Х.Оралтай – «Алаш – Орта Азия түркі қазақтарының ұраны» атты (1973) кітап жазып, азаттық мұраттарын кең түрде көрсетті.

Алаш мұраты – ел тарихының жарқын беттерін, қазақ зиялыларының қоғамдық-әлеуметтік һәм мәдени мұраттарын, тарихи жауапкершілігін, ақыл-парасатқа суарылған дәстүрлер жиынтығы мен тәжірибелерін, ұлттық қозғалыс пен жаңа уақыттың даму аспектілерін, ұтымды жүйесін құрайды.

Алаш мәселесі – қоғамдық-саяси һәм мәдени-тарихи тұрғыдан аса мәнді, әрі қазақ мемлекеті туралы арғы-бергі дәуірлердегі ел мұратын, азаттық һәм бостандық жолына негізделген арман-аңсарларын, ұлттық мемлекет құруға қатысты берік ұстанымдарын терең танытады.

Асылы, Алаш жолы оның арыстарының өмірі мен тағдыр-талайынан да терең танылады. Әсіресе: «...Олар ақталысымен елінің жүрегіне қазағым, миллетім, ұлтым деген сөздер қайта егілгендей болды. Көп ұзамай ұлттық идея тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ көркем сөзінің басты тақырыбына айналды. Өздерімен бірге Қазақстанына азаттық туын желбіретіп ала келген осы бес арыс па деп те қаламын» [7, 350 б].

Мұның өзі, сайып келгенде ел-жер тарихына, дәстүр мен дін, отан мен отбасылық құндылықтарға адалдықтан танылады. Бұл –Алаш жолынан, оның қайраткерлері өміріне де тән. Негізі: «Отан деген ұғым осы тілден, содан кейін –жерден, содан кейін –азаматынан басталады» [8, 4 б].

Ұлт мұратының асыл арқауы, өзекті арнасы - рухани жаңғыру бағыттарынан да азаттық мәні, тәуелсіздік нәрі кеңінен көрінеді. ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» атты мақаласы ел тарихы мен дәстүрін, ұлттық болмыстың табиғатын кең түрде көрсетті [9].

Анығында, әрине еліміздің жүріп өткен жолы, жаңа тарихи кезеңдегі саяси реформа мен экономикалық даму үрдістерін, басым бағыттарын құрайды. Бұл бағыттардың қатарына, сөз жоқ «Мәдени мұра» мен «Халық-тарих толқынында» сынды бағдарламалар жүйесін жатқызар едік. Қазақстан аумағында іргелі ізденістер, ерен еңбектер атқарылды. Алыс-жақын елдердің мұрағаттарынан төл тарихымызға қатысты құжаттар жиынтығы жинақталды.Тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртылды. Ұлттық мұраттар айқындалды. Озық дәстүрлер ұлықталды. Ұлттық бірегейлікті сақтауға, бәсекелік қабілетті арттыруға кең өріс ашылды. Қазақстанның эволюциялық дамуына маңыз берілді. Рухани жаңғыру- ел дамуының өзегіне айналды. Бастысы, әрине ұлт дамуы, табысты болуы табиғи байлықпен емес, адамдардың бәсекеге қабілеттілігімен айқындалатыны, мәдени ашықтық, жарқын қасиеттерімен бағаланатыны басым бағыт алады. Ұлттық-рухани тамырдан нәр алу қажеттілігі, жаңғырудың негізгі өлшемі – ұлттық кодты сақтау, оған адалдық таныту, ерен еңбек ету керектігі де анық айтылады. Ұлттық сананың кемелденуі мен көкжиегін кеңейту – болмысымыздың басты шарты, дербес даму үрдісі екендігі жүйелі де келісті көрсетіледі. Сананың ашықтығы арқылы зерденің басым бағыттары айқындалып, озық жетістік пен

тәжірибелер тағылымы – табысқа жетудің жолы, кең өрісі екендігі дамыған елдер көрсеткішімен, ұнамды үрдістермен сабақтастықта сөз етіледі.

Бұдан байқалатыны, еліміз жүріп өткен жол – азаттық пен татулықтың негізі. Ұлт тәуелсіздігінің алтын арқауы, асыл өзегі де осыған келіп саяды.

Алаш жолының бір қыры, сырлы сипаттарының негізі де осы. Қазақстан тарихнамасының бүтін болмысы, даму үрдісі де осыдан терең танылады.

Әдебиет тізімі

1. Қазіргі Қазақстан тарихы. - Алматы:Раритет,2010. – 448 бет;Тілешов Е.,Қамзабекұлы Д.Алаш қозғалысы.Энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы: «Сардар» Баспа үйі,2014. - 528 бет
2. «Социалистік Қазақстан»,1988, 28 желтоқсан
3. Қазақ әдебиетінің тарихы (Он томдық). - Алматы:Қаз Ақпарат,2004-2008
4. Қирабаев С.Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті. - Алматы: Жібек жолы, 2011. – 62 бет
5. Нәубет.Публицистикалық ой-толғаулар.- Алматы:Жалын,1990. - 448 бет; Зауал. Мақалалар, естеліктер.- Алматы: Жазушы,1991. - 272 бет
6. Нұрғали Р. Толғауы тоқсан қызыл тіл. Зерттеулер. - Алматы: Үш қиян, 2009. - 304 бет
7. Елеуқенов Ш.Тәуелсіздік биігінен. - Алматы: Арда,2007. - 400 бет
8. Жұртбай Т.Біртұтас Алаш идеясы. - Алматы: Орхон, 2014 . - 368 бет
9. Назарбаев Н.Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан», 2017, 12 сәуір

AUTHENTICITY: A MORAL QUALITY TO BE DEVELOPED IN THE UNIVERSITY CONTEXT

Marín Rodríguez Carmen
carmen.marin@reduc.edu.cu

Álvarez Aguilar Nivia
nivial12@yahoo.es

Espíndola Artola Arnaldo
arnaldo.espindola@reduc.edu.cu
Camagüey

There is no doubt that in the pedagogical scientific task of the current university centers there are innumerable alternatives that are put into practice to solve in a phased manner the challenges that modern society imposes on these cultural institutions. These centers should be concerned with the harmonious formation of man as a human being and as a competent, ethical and responsible professional, capable of carrying out his work and developing even in different sceneries, with the demand to face transformations in the subjective order, in order to contribute to the improvement of the society where he lives. The axiological training of the student is linked to this action and is also a responsibility among other factors of the educational system. The objective of the following paper is to address the fundamentals that contribute to an authentic axiological performance of the university student.

The theme of the formation of values that has been the object of scientific studies and practical applications continues to be a priority in the Cuban education. The challenge is considerable, it is a process of self-education based on personal responsibility, the constant deepening of knowledge and self-improvement as human beings.

The current educational conceptions conceive the educational-educational process as a dialogical communicative process, where the need to emphasize in this attention the individual factor in correspondence with the social, which is reflected in the different strategies, models and proposed alternatives is emphasized. However, it is the author's criterion that still prevails in them with greater force the role of the teacher and the educational institution, being contradictory that on the basis of the recognition of the student as subject of the educational process, there is still a